

№3 педагогикалық кеңес

«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін» КММ-нің «Тәрбие процесінің сапасы: критерийлер, көрсеткіштер, нәтижелер»

Өткізу күні 5 қаңтар 2026 жыл

Өткізу форматы офлайн

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысқандар – 23 мұғалім (1 шағын орталық тәрбиешісі, кітапханашы)

Қатыспағандар-0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Тәрбие процесінің сапасы: критерийлер, көрсеткіштер, нәтижелер»
2. Тоқсан қорытындысы бойынша оқыту сапасының нәтижелері. Бағдарламаны орындау.
3. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарын орындау.
4. 2025-2026 оқу жылында педагогтерді аттестациядан өткізу туралы мәліметтермен таныстыру.
5. Әр түрлі мәселелер. (мектеп ішілік бақылау құжаттарының жүргізілуі, тәрбие жұмысының жүргізілуі, шағын орталық тәрбиешісі, кәсіптік бағдар беруші, әлеуметтік педагог, психологтың, тәлімгердің, кітапханашының І ж/ж есебі).

ТЫНДАЛДЫ:

1. «Тәрбие процесінің сапасы: критерийлер, көрсеткіштер, нәтижелер» туралы тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы және 2025 жылдың 11 желтоқсандағы №281 енгізілген өзгертулер бойынша жүргізілуде. Қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы Қазақстан халықтары тілдері апталығы аясында интеллектуалды ойындар өткізілді. Отбасы күніне арналған отбасылық бастамалар өткізілді! «Отбасы – осы сөзде қанша барлығы бар!» тақырыбындағы сынып сағаттар. «Еңбекқорлық және кәсіптер», «Кәсіп – бұл адам өмірін арнаған еңбек», «Болашақ маман – бүгінгі оқушы» тақырыптарындағы сағаттар. Қауіпсіздік сабағы өткізілді. «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында мерекелік іс-шаралар. Мектеп оқушылары қарт адамдарға көмір жеткізуде және ауланы тазартуда, сондай-ақ мектеп аумағын тазартуға көмектесті. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы. «Достық және ынтымақтастық» тақырыбында флешмоб. «Сайлау және елдің болашағы» тақырыбында 11-сынып оқушыларымен біріккен диктант. «Еңбек түбі – береке» тәрбие сабағы өткізілді. «Еңбек және кәсіптер» тақырыбында сурет салу байқауы. Қазан – тәуелсіздік және патриотизм айы - Қазақстан Республикасының Республика күніне арналған сынып сағаттары. «Менің тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында эссе жазу байқауы. «Сенің, менің, біздің Қазақстаным» саяхат-ойыны. «Рәмізге құрмет – қастерлі міндет» әнұранын орындау челленджі. «Қазақстан – туған жерім, туған елім» кітап көрмесі. Оқушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқушылармен ұлттық «Бес асық» ойыны өткізілді. Қазақстан Республикасының Республика күніне арналған мерекелік қолөнер

бұйымдарының көрмесі. Қараша – әділдік және жауапкершілік айы. Сынып сағаттары: «Энергияны үнемдеу – экологияны қорғау» тақырыбында және қауіпсіздік сабағы: «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?» тақырыбында. «Өз әрекетіне жауапкершілік», «Заң және менің құқығым» тақырыбында. «Зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет күндері» халықаралық акциясы (16 күн). «Полиция мен балалар – қауіпсіздік үшін біргеміз» акциясы аясында оқушылар арасында бірыңғай диктант. Жол қозғалысы ережелері мен жолда қауіпсіз мінез-құлыққа арналған «Есінде болсын және ойлан» сурет байқауы. Оқушылардың дәлелдеу дағдыларын дамыту мақсатында адалдық тақырыбында пікірталас өткізілді. 1-11 сыныптарда сынып жетекшілерінің жетекшілігімен адалдық, жауапкершілік, әділ шешім қабылдау тақырыптары бойынша әңгіме, пікірсайыс, бейнероликтерді талдау өткізілді. Желтоқсан – бірлік пен ынтымақтастық айы. «Тәуелсіз Қазақстан – мемлекеттің тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» тақырыбында Тәуелсіздік күніне арналған сағаттар өткізілді. 1-4 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында сурет байқауы. Экологиялық мәдениетті арттыру және табиғаттағы судың маңыздылығы туралы хабардар ету мақсатында «Табиғаттағы су» іс-шарасы ұйымдастырылды. «Достық пен құрмет құндылықтары», «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында сағаттар. «Барлығымыз әртүрліміз, барлығымыз теңбіз» тақырыбында тренинг.

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары «Қамқор» Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Еңбегі адал - жас өрен» білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Шабыт» білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Ұшқыр ой алаңы» тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Ұшқыр ой алаңы» тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. «SMART BALA» Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу. Бұл жобаның мектепте іске аспауы. Ұсыныс: «SMART BALA» жобаны әр пән мұғалімі немесе сынып жетекші іске асыру.

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру қадамдары аясында мектепте күнделікті «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау. Апта сайын «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды (дүйсенбі күні 1 сабақ сынып

сағаты) ; «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу. Ұсыныс: қаңтар айынан бастап әр үзілісте күй арқылы қоңырау беру.Сынып кезекшілігін 1 апта өткізу.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы жөніндегі жұмысты күшейту және ата-аналардың оң мәдениетін дамыту мақсатында мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс істейді.

Мектепте 15 үйірме жұмыс істейді, оған -48 бала қатысады. Қазақтың ұлттық қолданбалы өнері, мәтінтану, дебат, қызықты математика, театр әлемінде,бабалар тарихы, шығармашылық, кел билейік,т.б. Кешке секциялар жұмыс істейді (сейсенбі,сәрсенбі,жұма күндері). Волейбол, үстел теннисі, шахмат-шашки, шаңғы, тоғызқұмалақ секциялары тұрақты жұмыс істейде. (кешкі уақыты:19.00-21.00).жауапты дене шынықтыру мұғалімдері.

2. II тоқсанның қорытындысы бойынша оқыту сапасының нәтижелері. Бағдарламаны орындау, оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:

2025-2026 оқу жылының II тоқсанның қорытындысы бойынша мектепте 77 оқушы, оның ішінде 10 оқушы 1 -сыныпта білім алуда.(67 оқушы бағаланады)

1-4 сыныптарда – 29 оқушы

5-9 сыныптар аралығында - 41 оқушы

10-11 сыныптарда – 8 оқушы

Мектепте 19 сынып бар, оның ішінде 2б -4б, 5а-6а, 7а-8а, 7б-8б сыныптар комплектісі.

Оқу әрекеті Жұмыс режимі: бескүндік оқу аптасы. Сабақ екі ауысымда жүргізіледі.

Денсаулығына байланысты үйде жекелей оқылымда 1 оқушы білім алуда. (6 б сынып оқушысы Зорина Мария).

I тоқсанның үлгерім пайызы - 100 %,

білім сапасы: жалпы мектеп бойынша —61,8%

II тоқсанның үлгерім пайызы - 100 %,

білім сапасы: жалпы мектеп бойынша —67,2%

I-II тоқсанды салыстыратын болсақ 5 пайызға өсті.(Динамиканың өсуі байқалады)

2025-2026 оқу жылындағы II тоқсан нәтижесі әр сынып бойынша білім сапасы,үлгерімі.

сынып	Барлық оқушы саны	Оқу үздіктері	екпінділер	Білім сапасы	үлгерімі	Сынып жетекшісі
1 а	10	-	-	-	-	Қабдеш Р.Е
2 а	3	1	1	67 %	100%	Досмағамбетова Ж.Ж
2 б	5	-	3	60 %	100%	Жаканова А.А
3 а	5		4	80 %	100%	Хахтай Г
4 а	3	1	2	100 %	100%	Шокыбаева А.К
4 б	3	2	1	100 %	100%	Жаканова А.А
1-4	29	4	11	81 %	100%	
5 а	5	-	4	80 %	100 %	Кабдешова М.В
5 б	6	-	4	67 %	100%	Смагулова М.Ш
6 а	2	1	-	50 %	100 %	Кабдешова М.В
6 б	4	-	3	75 %	100 %	Набиева Д.Қ
7 а	3	-	2	67 %	100 %	Мухамеджанова Г.Х.
7 б	2	-	1	50 %	100 %	Куц Е.А
8 а	3	-	1	33 %	100 %	Мухамеджанова Г.Х.
8 б	5	-	3	60 %	100 %	Куц Е.А
9 а	6	-	3	50 %	100 %	Қабдеш Н.Е
9 б	5	-	2	40 %	100 %	Жамышев А.Б
5-9	41	-	23	57 %	100 %	
10 а	3	1	1	67 %	100 %	Асылбеков Т.Ж
11 а	2	-	2	100 %	100 %	Асылбеков Т.Ж
11 б	2	-	2	100 %	100 %	Шокубасова А.М
10-11	8	1	5	89 %	100 %	
Мектеп бойынша	77 / 67	6	39	67,2%	100 %	

2025-2026 оқу жылындағы ІІ тоқсан нәтижесі әр сынып бойынша оқу үздіктері мен екпінділері.

сынып	Барлық оқушы саны	Оқу үздік саны	Үздік оқушының аты-жөні	Екпінді саны	Екпінді оқушының саны	Сынып жетекшісі	
1 а	10	-		-		Қабдеш Р.Е	
2 а	3	1	Арлан Асанали	1	Болат Сұлтан	Досмағамбетова Ж.Ж	
2 б	5	-	-	3	Куницкая Ярина Куницкий Алексей Смагулова Инжу	Жаканова А.А	
3 а	5	1		4	Ботан Самир Аугалив Ерасыл Жанарбек Сезім Жумабаева Амина	Хахтай Г	
4 а	3	1	Туребаева Ясмин	2	Мусулканова Диляра Рыспек Айжаксым	Шокыбаева А.К	
4 б	3	2	Дьяченко Евгения Куницкая Полина	1	Асанов Даниял	Жаканова А.А	
5 а	5	-	-	4	Айтбай Нұрбол Жанарбек Аяулым Сайлауұлы Анвар Сайлауұлы Мансұр	Кабдешова М.В	
5 б	6	-	-	4	Арлан Гүлшашар Жанкабаева Инжу Жумабаева Айзере Елюбаева Айлин	Смагулова М.Ш	
6 а	2	1	Туребаева Гульназ			Кабдешова М.В	
6 б	4	-	-	3	Балгабаев Ильяс Дьяченко Ульяна Зорина Мария	Набиева Д.Қ	
7 а	3	-	-	2	Бейсекеев Ерасыл Толегенов Альхам	Мухамеджанова Г.Х.	
7 б	2	-	-	1	Ли Жасмин	Куц Е.А	
8 а	3	-	-	1	Айтбаева Найля	Мухамеджанова Г.Х.	
8 б	5	-	-	3	Асанов Камиль Пугалов Кирилл Жанкабаев Нурсултан	Куц Е.А	
9 а	6	-	-	3	Кокенова Дильназ Мәжит Ерхан Мусулканова Даяна	Қабдеш Н.Е	
9 б	5	-	-	2	Сахапов Алмаз Байсеитов Арнат	Жамышев А.Б	
10 а	3	1	Шокыбаев Ерасыл	1	Сагимбаева Фатима	Асылбеков Т.Ж	
11 а	2	-	-	2	Ахболатқызы Қарақат Досмағамбетова Жансая	Асылбеков Т.Ж	
11 б	2	-	-	2	Асанов Асан Сергазин Ален	Шокубасова А.М	

2025-2026 оқу жылындағы ІІ тоқсан нәтижесіне тоқталатын болсақ:

5-9 сыныптарда төмен білім сапасы мына сыныптарда: 8 а сынып-33 пайыз, 9 б сынып-40 пайыз, осы сыныптардың сынып жетекшілеріне сөз беру:

8 а сыныпты сынып жетекшісі Г.Мухамеджанова сыныпта -3 оқушы сыныптың білім сапасы -33%, үлгерімі -100%. Айтпаева Найля «жақсы» оқитын оқушы. Қанатбайқызы Самира алгебра,ағылшын тілі,геометрия,қазақстан тарихы,орыс тілі мен әдебиеті,химия пәндерінен үштік бағалары бар. Серікпай Қарақат ағылшын тілі,геометрия,қазақстан тарихы,химия пәндерінен үштік бағалары.Серікпай Қарақаттың ынтасы бар.

9 б сыныптың сынып жетекшісі А.Жамышев, сыныпта 5 оқушы.Сахапов Алмаз жақсы оқитын оқушы.Бірінші тоқсанға қарағанда сыныптың пайызы өсті.Оқушылармен және пән мұғалімдерімен жұмыс жүргізудеміз.Ата-аналармен де байланыс бар.Набиев Серикболат алгебра,геометрия,химия пәндерінен үштік бағалары.Қалған оқушылардың үш деген бағалары көп.

3. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарын орындау бойынша мектептің педагог-психологы А.Шокубасова тыңдалды. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы 11-3) тармақшасына сәйкес жүргізілуде. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру тәртібі тәрбиеленушінің/білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды; ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен тәрбиеленушінің/білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді; ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз етуді білім беру ұйымының педагогтері мен мамандары жүзеге асырады. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру: 1) мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) бар; Мектепте психолого-педагогикалық сүйемелдеу қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмысы жоспарын орындау қанағаттанарлық деңгейде.Буллинг бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде. (буллинг жағдайларын анықтау)

4. 2025-2026 оқу жылында педагогтерді аттестациядан өткізу туралы мәліметтермен таныстыру бойынша мектеп директоры А.Аксеитова тыңдалды: 2025-2026 оқу жылында педагогтерді аттестациядан өткізу туралы мәліметтермен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беруді (растауды) тәртібін айқындайды. -Аттестаттау комиссиясы жылына бір рет шешім шығарады;

- «педагог-модератор» біліктілік санатын беру - білім беру ұйымдарының деңгейіне беріледі;
- уақытша еңбекке жарамсыз, декреттік демалыстан шыққан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымына ауысқан тұлғалар, сондай-ақ, білім беру ұйымынан білім беруді басқару органдарына, әдістемелік кабинеттерге және біліктілікті арттыру институттарына ауысқан педагогтер үшін біліктілік санаттарының қолданылу мерзімі 1 жылдан 2 жылға дейін ұзартылады.
- педагогтер пәндік білім және оқыту әдістемесі бойынша ПББ тапсырады;
- олимпиадалар мен конкурстардың тізбесіне педагогтердің мүмкіндіктерін кеңейту үшін барлық деңгейдегі шығармашылық жетістіктер, спорттық конкурстар мен жарыстар енгізілді;
- мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін ПББ тестін тапсыру шарттары ескерілді;
- басшылар үшін ПББ тестілеуі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы бойынша 10 сұраққа толықтырылды;
- ПББ тапсыру ережесін бұзған педагогтерге аттестаттаудан өтуге тыйым салу мерзімі 5 жылдан 1 жылға дейін қысқартылды, қайта бұзылған жағдайда педагог 5 жыл мерзімге аттестаттауға жіберілмейді;
- сабақ (оқу сабағы, іс-шара, ұйымдастырылған қызмет) педагог үшін оқыту әдістемесін меңгерудің негізгі көрсеткіші болып табылады;
- бекітілген тақырыптар бойынша эссе портфолиомен бірге тапсырылады;
- ескі форматтағы (I, II, жоғары санаттағы) біліктілік санаттары бар педагогтер қолданыстағы аттестаттау форматына көшеді;
- кадр резервінен тағайындалған директорларға автоматты түрде «бірінші санаттағы басшы» санаты беріледі.

2025-2026 оқу жылында мектеп бойынша 5 педагог қызметкерлер біліктілік санатына өтініш білдірді. Оның ішінде 1 педагог педагог-сарапшы санатын растауға,

1 педагог педагог-сарапшы санатын алуға, 3 педагог педагог-модератор санатын алуға. Аттестатталатын педагогтар қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жалпылау үшін мектепшілік аттестаттау комиссиясы және сараптамалық кеңес құрылды. Сараптамалық кеңес мүшелері аттестатталушы адамның біліктілік санатын беруге арналған портфолионың бағалау парағы және қызмет қорытындыларын талдап қорыту бойынша біліктілік санатына сараптамалық кеңестің қорытындысы жасалды.

№	Аты -жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты	Өтініш берген санаты
1	Хахтай Гүлжазира	Бастауыш сынып мұғалімі	педагог – сарапшы 2021 ж	педагог – сарапшы
2	Қабдеш Нариман Елдесұлы	тарих пәнінің мұғалімі	педагог – модератор 2021ж	педагог – сарапшы
3	Жамышев Асхат Ботанович	Химия пәнінің мұғалімі	педагог	педагог – модератор
4	Асылбеков Тамирлан Жанарбекович	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	педагог	педагог – модератор

5	Набиева Диана Қайратқызы	Тарих пәнінің мұғалімі	педагог	педагог – модератор
---	-----------------------------	------------------------	---------	------------------------

ҰСЫНЫС: жоғарыда аталған әр педагог өзінің біліктілігін арттырудың алдында Ереже қағидаларын бұзбай, жауапкершілікпен қарағаны жөн. Педагогтың жеке жетістігін дәлелдейтін аталған курстардан өту, озық тәжірибе тарату, авторлық бағдарлама шығару, түрлі олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иелену және де ең бастысы өз пәнін жетік білу. Барлық құжаттарды Ustaz.kz платформасына жүктеу, жауапты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдрахманова Сақып Константиновна.

Шешімі : Ағымдағы жылы барлығы 5 педагог, оның педагог-модератор санатына 3 педагог, педагог сарапшы санатына -1 педагог, педагог-сарапшы санатын растауға –1 педагог, 19-21 ақпанда тестілеуге тіркелу, 21-28 ақпан аралығында тестілеуге қатысу, ережелерді бұзбау мұғалімдердің жеке жауапкершілігіне жүктелсін.

5.Әр түрлі мәселелер.

- 1) мектепшілік бақылау құжаттарының жүргізілуі туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова сөз алды: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің №130 бұйрығын («Білім беру ұйымдарында ішкі бақылауды ұйымдастыру қағидалары») басшылыққа алып жұмыстар жүргізілуде. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)
- 2) тәрбие жұмысының жүргізілуі бойынша тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева сөз алды: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы және 2025 жылдың 11 желтоқсандағы №281 енгізілген өзгертулер бойынша жүргізілуде. Ай сайын дәйексөзге байланысты жұмыстар, апта сайын жұмыстар жүргізілуде. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)
- 3) кәсіптік бағдар беруші Г.Мухамеджанова сөз алды: І жартыжылдықтың жұмысы бойынша өз есебін берді. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)
- 4) әлеуметтік педагог Т.Асылбеков сөз алды: І жартыжылдықтың жұмысы бойынша өз есебін берді. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)
- 5) педагог-психолог А.Шокубасова І жартыжылдықтың жұмысы бойынша өз есебін берді. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)
- 6) тәлімгер (вожатая) А.Хаметова І жартыжылдықтың жұмысы бойынша өз есебін берді. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)
- 7) кітапханашы И.Мажитова І жартыжылдықтың жұмысы бойынша өз есебін берді. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)
- 8) шағын орталық тәрбиешісі Г.Хасенова І жартыжылдықтың жұмысы бойынша өз есебін берді. (І ж/ж есебі қосымша тапсырылды)

ШЕШІМ:

1. Тәрбие жұмысының қазіргі жағдайы, оны бағалаудың негізгі критерийлері мен көрсеткіштері, тәрбиелік іс-шаралардың нәтижелілігі туралы ақпарат. Тәрбие процесін жоспарлау мен жүзеге асыруда жүйелілік пен сабақтастықтың маңыздылығы атап өтілді.

Қаулы етті:

-Тәрбие процесінің сапасын бағалауда бекітілген критерийлер мен көрсеткіштерді басшылыққа алу.

-Сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысының нәтижелілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын жетілдіру.

- Тәрбие жұмысының мониторингін жүйелі түрде жүргізу.

2. Пән мұғалімдерінің тоқсандық үлгерім мен білім сапасы туралы есептері, оқу бағдарламасының орындалу барысы туралы мәліметтер. Кейбір пәндер бойынша білім сапасын арттыру қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы етті:

-Оқу бағдарламасының толық әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету.

-Білім сапасы төмен пәндер бойынша түзету жұмыстарының жоспарын әзірлеу.

-Қосымша сабақтар мен жеке қолдау көрсету арқылы оқушылардың білім олқылықтарын жою.

3. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмысы, әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен іс-шараларының орындалу деңгейі туралы ақпарат. Оқушылармен, ата-аналармен және педагогтермен жүргізілген жұмыстарға талдау жасалды.

Қаулы етті:

-Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмысын жүйелі түрде жалғастыру.

-Әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуын бақылауда ұстау.

-Қиын жағдайдағы оқушылармен жеке жұмысты күшейту.

4.2025–2026 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімі, аттестациядан өту тәртібі мен мерзімдері туралы ақпарат.

Қаулы етті:

-2025–2026 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімін бекіту.

-Аттестациядан өтетін педагогтерге қажетті құжаттарды уақытылы дайындауды тапсыру.

- Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

5.Мектепішілік бақылау құжаттарының жүргізілу барысы туралы ақпарат, тәрбие жұмысының орындалуы жөніндегі талдау, сондай-ақ шағын орталық тәрбиешісінің, кәсіптік бағдар берушінің, әлеуметтік педагогтың, психологтың, тәлімгердің және кітапханашының 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша атқарылған жұмыстары туралы есептері тыңдалды. Есептерде жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі, жетістіктері мен кездескен қиындықтары көрсетілді.

Қаулы етті:

-Мектепішілік бақылау құжаттарының талапқа сай және уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету.

-Тәрбие жұмысының сапасын арттыру мақсатында жоспарланған іс-шаралардың жүйелі орындалуын бақылауды күшейту.

-Шағын орталық тәрбиешісіне тәрбиеленушілердің дамуына бағытталған жұмысты жалғастыру.

-Кәсіптік бағдар берушіге оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына бағытталған іс-шараларды жандандыру.

-Әлеуметтік педагог пен психологқа оқушылармен, ата-аналармен және педагогтермен жүргізілетін алдын алу және түзету жұмыстарын күшейту.

-Тәлімгерге жас педагогтермен әдістемелік және кәсіби қолдау жұмысын жүйелі түрде жалғастыру.

-Кітапханашыға оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

-Барлық жауапты тұлғаларға І жартыжылдықта анықталған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстарын жүргізу.

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Аксеитова
Хатшы

